

Мемориалдық
тақта қойылды
2-бет



Оңаша қалып
өлеңмен...
3-бет



Қарттарға
қамқорлық
4-бет



КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

АРАЙ

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 14 (7801)
Жұма,
20 ақпан 2015 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» ЖШС

ЖАҢАЛЫҚТАР

★ РЕСПУБЛИКАДА

ҚХА мерзімінен бұрын Президент сайлауын өткізу мәселесін көтергі

АСТАНА. 14 ақпан. Бүгін Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің отырысы болды. Кеңес жұмысына Парламент депутаттары, республикалық этно-мәдени бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдардың жетекшілері, ҚХА ғылыми-сараптамалық кеңесінің мүшелері, БАҚ өкілдері қатысты. Бұл туралы «ҚазАқпарат» хабарлады.

Отырыс барысында Кеңес мүшелері бір ауыздан Президент сайлауын мерзімінен бұрын өткізу туралы азаматтардың ҚХА-ға жасаған ұсынысын қолдайтынын жеткізді.

Отырыс қорытындысы бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері депутаттық топқа Парламент Мәжілісінде Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын мерзімінен бұрын өткізуге бастама көтеру туралы Үндеу жолдады.

Мемлекет басшысы жүргізіп отырған саясат төңірегінде топтасу арқылы еліміздің одан әрі қарқынды дамуы мен азаматтардың өлауқатын арттыруға қол жеткізе алатынымызға сенімдіміз.

Сондықтан осы күрделі заманда біз барша қазақстандықтарды Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың төңірегінде топтасуға шақырамыз.

Президенттік сайлауды мерзімінен бұрын өткізу арқылы экономика өсімін нығайту, жүргізіліп отырған саясаттың сабақтастығын қамтамасыз ету маңызды. Бұл бастамаға шын мәнінде басқа балама жоқ.

Сонымен бірге ендігі 2016 жылы президенттік және парламенттік сайлаулар бір мезгілге сәйкес келеді. Конституция нормаларын бұлжытпай орындау мақсатында екі сайлауды әртүрлі кезеңдерде өткізген жөн.

Қазақстан халқы Ассамблеясы Отанымыздың орнықты дамуы мен алға жылжуына бағытталған бастамаларды қашанда қолдап келді және болашақта да солай бола бермек. Осы жалпыхалықтық бастаманы көтере отырып, қазақстандықтар тарапынан да, халықаралық қауымдастық тарапынан да қолдауға ие боламыз деген сенімдеміз, өйткені біз халқымыз бен еліміздің биік мүддесін көздеп отырмыз.

Біз, Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесі мүшелері, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының депутаттар тобына Қазақстан Республикасы Президентінің мерзімінен бұрын сайлауын өткізу туралы бастама көтерсін деп үндеу жолдаймыз.

Біз барша Қазақстан халқын, саяси партияларды, азаматтық секторды және еліміздің патриоттарын Қазақстан Республикасы Президентінің мерзімінен бұрын сайлауын өткізу туралы бастаманы қолдауға шақырамыз! — деп жазылған Үндеуде.

«Егемен Қазақстан»
газетінен.



Қазақстан халқы Ассамблеясының Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізу туралы бастамасына қатысты «Нұр Отан» партиясының Мәлімдемесі

14 ақпанда Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі 2015 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізу туралы бастама көтерді.

«Нұр Отан» партиясы елдегі жетекші саяси күш ретінде аталған бастаманы толықтай қолдайды.

Бүгінде әлемде қаржы-экономикалық дағдарыстың жаңа толқыны таралып, күрделі геосаяси қысымның салдарынан жағдай шиеленісе түсуде.

Дәл осы кезеңде тіпті әлемнің ең дамыған елдердің өзінде де ксенофобия, діни төзімсіздік өршіп, радикалдық қозғалыстар күш алуға айналды.

Елбасы «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінде атап айтқандай, «Таяудағы жылдар жаһандық сынақтардың уақыты болады. Барлық елдер осы күрделі кезеңнен ойдағыдай өте алмайды. Бұдан тек мықты мемлекеттер, жұдырықтай жұмылған халықтар ғана өтетін болады».

Қазақстан жаһандық дүниенің бір бөлшегі болғандықтан, сыртқы теріс ықпалдардан тыс қала алмайды.

Сондықтан, мемлекет Басшысы «Нұрлы жол» бағдарламасын ұсынды,

экономика өсімін қамтамасыз етудің барлық шаралары қабылданды.

«Нұрлы Жол» Бағдарламасы — бұл тек нақты, жете есептелген іс-қимыл жоспары ғана емес, бұл - келешектің инфрақұрылымына салынған аса ауқымды инвестиция, бұл - жұмыс орындары, қарапайым қазақстандықтардың жайлы тұрмысын сақтап қалу, олардың кемел келешекке деген сенімі.

Бүгінгі таңда Бірлік пен Келісімді, Тұрақтылықты нығайтудың, қоғам мен мемлекеттің, еліміздің барша азаматтарының күш-жігерін жұмылдырудың маңызы орасан.

Осыған байланысты, Қазақстан халқы Ассамблеясын қолдай отыра, кезектен тыс президенттік сайлау өткізу бастамасын халық мүддесіне сай келетін ең дұрыс шешім деп санаймыз.

Мұндай қадамның қазірдің өзінде-ақ Парламентті, Үкіметті, орталық және жергілікті басқару органдарын тастүйін

жұмылдырып, халықтың өміршең энергиясын басты мақсат — Отанымыз Қазақстан Республикасының гүлденуі мен өркендеуіне бағыттауға жол ашады.

Біздің халқымыз ел тарихының ең бір шешуші сәттерінде болашақ ұрпақ қамы үшін даналық таныта отырып, өз Лидерінің төңірегіне топтасу мен бірігудің аса биік деңгейін көрсетті.

«Нұр Отан» партиясы барша ел азаматтарын, барлық саяси партиялар мен қоғамдық күштерді кезектен тыс Президент сайлауын өткізу бастамасын қолдауға шақырады.

Бұл біздің ұзақмерзімді «Қазақстан-2050» Стратегиясы мен Мәңгілік Ел идеясының жүзеге асырылуын қамтамасыз ете отырып, бұдан да қуатты, бұдан да тастүйін бола түсуіміздің тарихи мүмкіндігі.

Астана қ.

2015 жылдың 16 ақпаны.

Бірауыздан қолдады

Қазақстан Халқы Ассамблеясының мерзімінен бұрын Президент сайлауын өткізу жөніндегі бастамасы Катонқарағай ауылдық округі тұрғындары тарапынан кеңінен мақұлданды. Өткен сейсенбіде, яғни, 17-ақпан күні болған кезекті басқосуларында округтің ардагерлері осы бағалы бастамамен тереңірек танысып, оны бірауыздан қолдайтындықтарын білдірді. Катонқарағай, Шыңғыстай,

Жаңаүлгі, Қабырға ауылдарынан жиынға қатысқан аға ұрпақ өкілдері алдында сөз алған зейнеткер Марат Панинов әлемді жайлап келе жатқан дағдарыстан елімізді қиналтпай алып шығудың басты бағдарламасы - Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Нұрлы Жол-Болашаққа бастар жол» атты биылғы жылы Қазақстан халқына арнаған Жолдауы екендігін айта келіп, оны дәйектілікпен

іске асыру үшін, мерзімінен бұрын Президент сайлауын өткізген дұрыс деген ұйғарымын жеткізді. Сондай -ақ ол залда отырғандарды Ассамблеяның бастамасын, оны қолдаған «Нұр Отан» партиясының шешімін мақұлдауға шақырды. М. Паниновтың шақыруын ардагерлер бірауыздан қолдады.

Өз тілшіміз.



Қоғамдық кеңес отырысы

12 ақпан 2015 жылы «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы жанынан құрылған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет» жөніндегі қоғамдық кеңесінің кеңейтілген кезекті отырысы «Нұр Отан» партиясының Шығыс Қазақстан облыстық филиалының нұсқауы мен кестесіне сай өткізілді. Отырысқа аудан әкімі Қ. Байғоңұсов, партиялық бақылау комиссиясының мүшелері, аудан прокуроры, ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары, бастауыш партия ұйымының төрағалары мен партиялық топтардың жетекшілері, аудандық «Арай»-«Луч» газетінің қызметкерлері мен облыстық филиал қызметкері, аудандық филиал кураторы қатысты. Отырыстың күн тәртібінде «Катонқарағай ауданының білім беру саласының сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет бойынша атқарылған жұмыстарының жағдайы туралы» мәселе қаралды.

Осы мәселе бойынша білім беру бөлімінің бас маманы М. Толықпаев ақпарат берді. Білім беру бөлімі ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы «Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2011-2015 жылдарға арналған салалық бағдарламаны бекіту туралы» №308 Қаулысын іске асыру мақсатында іс-шаралар жоспарын бекітіп, осыған орай сыбайлас жемқорлыққа қарсы біршама жұмыстар жүргізді. Ол мемлекет Басшысының тағайындаған негізгі тапсырмалары мен Мемлекеттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет бағдарламасын орындау негізіне бағытталды. Білім беру бөлімі және осы бөлімге қарасты барлық мекемелерде заң бұзушылықтың алдын-алу мақсатында ай сайын жоспарлы түрде құқықтық оқытулар өткізіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жөніндегі қоғамдық кеңес мүшелері білім беру бөлімінде, аудан орталығындағы және Кобыха мен Барлық ауылдарының



мектептерінде осы мәселе бойынша атқарылып жатқан жұмыстармен танысып өтті. Өз сөздерінде кеңес мүшелері А. Какоков, Г. Ағажаева біршама сын-ескертпелермен ұсыныстар айтты. Сонымен қатар, аудан прокуроры С. Дүйсенов пен ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары М. Бадағұлов сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет бағдарламаларының негізгі мақсаттарына тоқталып өтті. Филиал төрағасы, аудан әкімі Қ. Байғоңұсов қорытынды сөзінде сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бас тамасы мен жетістіктерді жоққа

шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз екенін айта отырып, «Нұр Отан» партиясы мүшелерінің осы зұлымдыққа қарсы әрекет жасаулары - негізгі мақсаттары деп нақтылады. Сонымен қатар, кеңес мүшелеріне біршама нақты тапсырмалар берді. Кеңес мүшелері қаралған мәселе бойынша қаулы қабылдады.

Гүлбаршын Ағажаева,
«Нұр Отан» партиясы
аудандық филиалы
төрағасының бірінші
орынбасары.

Оңаша қалып өлеңмен...

Махаббат оты мәңгілік

Еңлік-Кебек өмірдегі қос ғашық,
Қабірде де қатар жатыр жұптасып.
Махаббаттың құдіретін ұқтырып,
Шын сезімнің қалмайтынын тот басып.

Неткен сезім бір-біріне берілген!
Жасқанбаған тәніп келген өлімнен.
Жүрекке өмір жүрмейтінін дәлелдеп,
Кете берді қол ұстасып сеніммен.

Баян сұлу, батыр Қозыкөрпеш те,
Махаббаттың символдары емес пе?
Олар дағы бірге жатыр мәңгіге,
Махаббаттың өлмейтінін сап еске.

Басқалардың таңсық етіп қаңсығын,
Түсірмейік алшысынан асығын.
Қазіргі кез өз-өзіңді танитын,
Өзіңді де іздейтұғын ғасырың.



Еріккеннің ермегі үшін қамалған,
Бойында тек шығар-шықпас жаны бар.

Шілдеде де өлі жүні түспеген,
Тұқыл мүйіз, салаланып піспеген.
Кетіріп тұр, өшіріп тұр ажарын,
Кім болды екен мұндай күйге күштеген?

Қайтқан бағы оған қайта оралып,
Түбіт түгі самал желмен таралып.
Қалың орман, жасыл шалғын ішінде,
Қарсы аларма ед атқан таңын ағарып?!

Марал күйі өн бойымды мұздатты,
Қатыгездік жүрегімді сыздатты.
Сұлулыққа табынсақ та бәріміз,
Болып кеттік неге оған тым қатты?



Оқи

Көңілдің көк дөнені,
Бастады қайда мені?
Жетелеп қияндарға,
Қондырып айға мені.

Көңілдің көк дөнені,
Недеген жүйрік еді?
Бірде өзі құс боп ұшып,
Берде ол сар желеді.

Көңілдің көк дөнені,
Не деген икемді еді?
Мұңданса мұз боп қатып,
Қуанса гүл береді.

Көңілдің көк дөнені,
Не деген еркін еді?
Қамалмай құр кеудеде,
Күндіз-түн ой кезеді.



Мұхит асқан сәбидің елмен қоштасардағы сөзі

Қара көзден қан аралас жас парлап,
Кетіп барам туған елден ажырап.
Бес-он минут маған уақыт беріңдер,
Көкейімде қалып барад сан сұрақ.

Америка емес еді-ау көрші елің,
Мен емеспем сенің құйттай бөлшегің,
Онда неге мені сыртқа тебесің,
Бір сорғызбай анашымның емшегің?

Қазағымда бала саны көп пе еді?
Бір-екеу мен неге аналар шектеді?
Мен секілді сәбилерге тастанды,
Итке жеткен мейірімің жетпеді.

Таңба емес пе қазағымдай Ұлы ұлтқа,
Бала сату мұхит асырып, құрлыққа.
Мен болайын ең ақырғы пұлың да,
Мен болайын шіріген соңғы жұмыртқа.

Ұлттан азып, өзгелерге еліктеп,
Байғұс анам қайда жүрсің, келіп кет.
Мұхит ассам кім боларымды білмеймін,
Ең соңғы рет қазағымда көріп кет.

Қош болып тұр қазақ елі, байтағым,
Отаным деп сені қайтып айтамын?
Тұнып тұрған ата-баба тұнығын,
Шетке сәби сатуменен шайқадың.

Бұл сұмдықты бұрын-соңды кім көрген,
Заман ба әлде, адам ба әлде өзгерген.
Тілеуіңді сенің тілеп жүрейін,
Көзді тігіп қияндағы өзге елден.



Қамаудағы марал

Жүректерден кеткен кез бе жылылық?
Қамауда тұр көз суырған сұлулық.
Теңге үшін бостандықтан айрылған,
Марал жанын кім бар жатқан ұғынып?

Үй орнындай қу тақырда, алаңда,
Қанағат қып құнары жоқ сабанға.
Мұң шағады қара көзі жаутаңдап,
Темір тордан нан ұсынған адамға.

Серіппе тұяқ саз балшыққа малынып,
Болмысынан, табиғатынан жаңылып.
«Басқа түскен баспақшылдың» кейпімен,
Сұрайды ол бостандығын жалынып.

Алтайымның сәні болған жануар,
Қайтып, қашан мекенінен табылар?

БАЛА ЕРТКЕН ӘЙЕЛ МЕН ИТ КӨТЕРГЕН КЕЛІНШЕК

Өзгергені-ай әйелдердің әлемі,
Бір көрініс мені еріксіз бөгеді.
Бала ерткен, ит көтерген екі әйел,
Бір көшеде қарама- қарсы келеді.
Шашын қиып, опаланып, боянған,

Жас келіншек, өзінше паң ой, Аллам!
Сезбейді ол, адасқанын сезімнің,
Балаға емес, ақ күшікке оянған.
Бала ерткен ана анаға қарашы,
Жас мөлшері қырықтарда, шамасы.

Сәбиімен ит көтерген сәнқойдан
Мың есе артық, мың есе артық бағасы
Ана болу әйелге үлкен мәртебе,
Бала орнына әйел итті ертеме?
Бала деген бауыр етің, базарың,

Зор қуаныш ана менен әкеге.
Өзгергені-ай әйелдердің әлемі,
Уақыт әлі өз бағасын береді.
Қалпақ киіп ит көтерген сұлудан,
Сәби ерткен әйел-ана әдемі.

АЛТАЙЫМДАЙ БОЛСЫН МАҒАН ОЛ ҚАЙДАН?

Қара шалмын жасым жетіп қартайған,
Қайрат кетіп, жанарымнан нұр тайған.
Күнім үшін көшіп бара жатырмын,
Туып- өскен құт мекенім, Алтайдан.

Болса дағы ұл-келінім қалада,
Ол жер маған жайлы мекен бола ма?
Екі көзім енді төртеу болады-ау,
Тас қораптан қараймын деп далаға.

Өр Алтайым ата жұрты алаштың,
Келгендерге құшағыңды сен аштың.
Бірінен де еш қайтарым болмады-ау,
Дәрежеңе сені көрді қораш кім?

Бейбіт күнде ата-анасын аудырып,
Үй орнына үйіндіні қалдырып.
Талайлар жүр мейрімсіз қалада,
Не жұмыс жоқ, баспана жоқ қаңғырып,

Кешпесе екен ұлым күнін солардың,
Осыны ойлап күнде күйіп, тоңармын.
Алтын бесік болса да ауыл қазаққа,
Кетіп барам қалмаған соң амалым.

Аманатым ендігі айтар ұлыма:
Ауылыңнан ешқашанда суыма!
Уақыт тауып, қол тигізіп барып жүр,
Алтайыңа құрығанда жылына.

Өлсем егер елге апарып қоярсың,
Тапсаң жылқы әйтпесе қой соярсың.
Немеремді өзіңменен ерте жүр,
Елге-жерге махаббаты оянсын.

Кіндігінен ажыраған ер оңбас,
Ұлтын сүйген ешнәрседен кем болмас.



«Өзімнің үйім, өзімнің өлең төсегім»,
Одан кеткен біздей жанға ем қонбас.

Өр Алтайым, төрі болған түркінің,
Уа, ағайын, одан неге үркідің?
Сыртта жүрген мың күніңе татиды,
Туған жерде ойнап-күлген бір күнің.

«Тірейтұғын елі болмаса ер-жетім,
Көл жағалай ел қонбаса жер-жетім.»
Туған жерге туды тігіп, түлету-
Біле білсең презенттік міндетің.

Қара шалмын, жасым жетіп қартайған,
Көшіп барам, кетіп барам Алтайдан.
Бөтен жерде төбемнен «алтын құйса да»
Алтайымдай бола қойсың, ол қайдан?!

Жүнібек Қызыр



Жас қалам

Өрнегім, атамекенім

Өрнегім, қасиеттім, ата жұртым?
Елсің ғой ортаймаған ырыс-құтың.
Өзіңнен сыртта туып, шет жүрсем де,
Сағынбай жүре алмаймын сені бір күн.


Суың бал, ауаң-кәусар жанға жайлы,
Көрген жан сенен көзін ала алмайды.
Айналаң жасыл шалғын, қалың орман,
Ақ қайың, көк терекпен, қарағайлы!

Асқар тау әр үйдегі азаматың,
Елі үшін қандай іске бара алатын.
Ақсақал, аталарым бір-бір төбе,
Жоғалтпаған өмірде ұлттық қалпын.

Мейірімді, қылықты жеңгелерім,
Өзіңмен кереге кеңіп өнген елім.
Далада ерімен қатар еңбек етіп,
Үйінде мәпелеген бал бөбегін.

Әжелер алтын діңгек отбасында,
Ұйтқысы болып әр істің жүр басында,
Көргенде ата жұрттан мұның бәрін,
Көңілім шықты шырқап шың басына.

Самат Әскерханов.
Өскемен қаласы.



Құрметті шығысқазақстандықтар!

2015 жылы аталып өтілетін мерейтойлы мерекелердің ішінде Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығы айрықша жалпыхалықтық сипатқа ие. Жеңіс мейрамы қазіргі және келешек ұрпаққа өз Отанына шексіз беріліп қызмет етудің жарқын үлгісі ретінде, қазіргі кездегі қиын мәселелерді шешудегі парасатты және сенімді кеңесші ретінде аса қажет.

Жеңіс күніне дайындық қоғамдық бірлестіктердің, жастардың, бизнестің, шығармашыл интеллигенцияның күшін біріктіруде, осы ретте Сіз де немқұрайлылық танытпай, ортақ іске үлес қосып, қолдау көрсетесіз деген сенімдеміз.

Осы орайда қаржылай қолдауларыңызды облыстық Ардагерлер кеңесінің арнайы есеп-шотына аударуға болатындығын, ол ардагерлерді, олардың шығармашылық бастамаларын қолдауға жұмсалатындығын хабарлаймыз. Өз үлестерін қосқан ұйымдар туралы ақпарат барлық электронды және баспа бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Облыстық ардагерлер кеңесі аталған қаражаттың жұмсалыуына есеп жүргізуді өз міндетіне алады, осы мақсатта құрамына беделді ардагерлер, ақсақалдар, ардагерлердің қоғамдық ұйымдарының өкілдері қатарынан арнайы ревизиялық комиссия құрылды.

«Ардагерлер ұйымы» РҚБ ШҚОФ
БИН – 970241005806, КБЕ 18
ИИК – KZ316010151000052349, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ
БИК – HSBKZKZKX

Облыстық ардагерлер кеңесі.

У шақырылған Катонқарағай аудандық мәслихатының XXVIII сессиясы 2014 жылдың 23 желтоқсанындағы №28/213-V шешімі

Катонқарағай аудандық мәслихаты шешімдерінің кқші жойыпқы қеп тану туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 40-бабына сәйкес, Катонқарағай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Күші жойылды деп танылсын:
 1) Катонқарағай аудандық мәслихатының 2010 жылғы 28 шілдедегі
 «Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін белгілеу қағидаларын бекіту туралы» № 23/190-IV (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5-13-78 нөмірмен тіркелген, 2010 жылғы 2

қыркүйектегі № 37 (7381) «Арай» газетінде жарияланған) шешімі;

2) «Жер учаскелері үшін жер салығының базалық ставкаларын түзету туралы» 2004 жылғы 04 маусымдағы №6/10-III (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1823 нөмірмен тіркелген, 2004 жылғы 18 маусымдағы № 23 (7100) «Арай» газетінде жарияланған) шешімі.

2. Осы шешім қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Гүлбаршын Ағажаева,
сессия төрайымы.
Дүйсен Бралинов,
аудандық мәслихат хатшысы.

Тимуршылар қозғалысы

Қ. Дамитов атындағы орта мектептің «Көмек» атты тимуршылар тобы жыл көлемінде жақсы жұмыс атқарып келеді. Биылғы оқу жылында көмекке зәру қарттар саны төртеуге артты. Олар - Желдібаева Күләш, Уәлғалиева Бағжамал, Жұмағұлова Сара, Құсайынова Күләндә. «Көмек» тобы қарт әжелерге қолдан кел-



ген көмектерін аянабай көрсетуге бел буды. 8 «Б» сыныбының оқушылары Жұмағұлова Күләш әжелерінің үйін жинастырып, отынын жарып, суын тасып, қолқабыстарын тигізді.

«Қарттарым - асыл қазынам» атты өткізілген шарада 9 сынып оқушылары қарттармен кездесіп, құттықтап азын- аулақ сыйлықтарын табыс етті. 8 «А» сыныбы болса, Құсайынова Күләндә апаларының ауласын қардан тазартты. Топ басшысы Камиль бастаған ұлдар тобы Жұмағұлова Сара апаларының қыстық отынын ұсақтап, жинап берді.

Біз үлкенге қолұшын беріп, көмектесу арқылы келешек ұрпақты имандылыққа, еңбексүйгіштікке және адамгершілікке тәрбиелеуді



қалыптастырамыз. Сондай-ақ, «Көмек» тобының жұмысын белсене атқаруға ұйтқы болып отырған ата-аналарға алғысымыз шексіз.

К. Тойғанбаева,
Қ. Дамитов атындағы орта мектептің 8 «Б» сынып оқушысы.

Еске алулар



Белқарағай ауылының тұрғыны болған әкеміз **ДҮЙСЕНОВ ТҰРЫСБЕК ДҮЙСЕНҰЛЫНЫҢ** тұниеден озғанына 40 күн толуына орай, аруағының алдында басымызды иіп, сағынышпен еске аламыз

2015 жылдың ақпанның 25-ші жұлдызында 12.00-де Белқарағай ауылындағы қатымханада марқұм әкеміздің аруағына құран бағышталып, ас беріледі. Сол асқа барлық туған-туысқандарды, құда-жекжаттарды, дос-жарандарды, ауылдастарымызды шақырамыз.



Катонқарағай ауылының тұрғыны, бірімізге аға, бірімізге іні, аяулы жар, асыл әке болған **МҰСАБАЕВ ҚАМБЕТ ШАЙМАРДАНҰЛЫ** көзі тірі болса, 19 - ақпанда ердің жасы 50-ге толар еді.

Тағдырдың бұл ісіне шара бар ма? Мөлдіреп жас келеді жанарларға. Асқар тау, арқа сүйер ағатайым,

Айрылдық қапияда, амал бар ма? Жан аға, өміріміздің тірегі едің, Қойнына ерте ендің-ау, қара жердің. Алдымызда аман-есен жүрген болсаң, Ер жасы-елуге де келер едің.

Еске алушылар туған-туысқандары атынан: апайы-Дулат, қарындасы- Ғапура.

Құттықтаймыз!



Еңбек ауылының тумасы Ақшамбаева Вера Қабылбекқызын 18 ақпан күні 50 жасқа толған мерейлі тойымен құттықтаймыз!

Туған күнің құтты болсын,
 Денсаулығың мықты болсын.
 Өрдайым немерелеріңнің
 ортасында ойнап-күліп,
 Өмірің мәңгі нұрлы болсын!!



Ізгі тілекпен: жұбайы, ұл-қыздары, күйеу балалары, немерелері - Ералы, Жанель, Жасмин.

Тікелей желі

Құрметті аудан тұрғындары!

2015 жылдың 26 ақпанында сағат 11.00-ден 12.00-ге дейін «Тікелей желі» арқылы Катонқарағай аудандық тұтынушылар құқықтарын қорғау бөлімінің бастығы Нұржан Болатұлы Ноғайбаевқа өз сауалдарыңызды **2-11-53** (аудандық «Арай»- «Луч» газетінің редакциясы) телефонына жолдай аласыздар. **Сауалдарды алдын-ала 2-19-79, 2-90-60, 8(723-42) 2-13-71 телефондары арқылы жолдауға болады.**



Хабарландырулар

«Малонарым ауылдық балабақшасы» КМҚК-не 0,5 жүктемемен әдіскер қажет.
Қойылатын талаптар:
 - мектепке дейінгі білімі (жоғары немесе орта арнаулы) болуы;
 - мектепке дейінгі білім мекемесінде 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі болуы қажет.
 Сондай-ақ, балабақша ғимаратында **2-75-54 сенім телефоны** жұмыс істейді.

1993 жылы Өрел орта мектебін бітіргендігі туралы **Курманова Нұргүль Владимировна** атына берілген сериясы А №023340 кемелеттік аттестат жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

1992 ж.ш. МТЗ-82 такторы сатылады. Техникалық жағдайы жақсы. Малға айырбастауға болады.
Тел. 87055090313.

«Черемоска негізгі орта мектебі» КММ- де 2-03-96 сенім телефоны жұмыс істейді. Мектепке қатысты мәселелеріңізді осы телефон нөмірі арқылы айтуға, хабарласуға болады.

«Сегір негізгі орта мектебі» КММ- де 2-07-59 сенім телефоны жұмыс істейді. Мектеп ғимаратында ұсыныстар мен шағымдарға арналған жәшік орнатылған.

«Топқайың орта мектебі» КММ- де 2-07-76 сенім телефоны жұмыс істейді. Мектеп ғимаратында өтініштер мен шағымдарға арналған жәшік орнатылған.

«Жамбыл орта мектебі» КММ- де 2-71-48 сенім телефоны қызмет етеді. Сонымен қатар, мектеп ғимаратында ұсыныстар мен шағымдарға арналған жәшік орнатылған.

ТЖЖ ЮМЗ-6 тракторы сатылады. Шөп таситын тіркемесі, КЗН, 2 корпусы соқа, алдында оңға, солға бұрылатын күрегі бар. Бағасы келісім бойынша немесе (5) бес бас биеге айырбастауға болады.

Майемер ауылы. Тел. 2-01-24. 87753362872. Кешкі сағ. 6-дан кейін хабарласуға болады.

ТҮЗЕТУ

«Арай» газетінің 04.02.2015 жылғы санында 4-бетте жарияланған «Катонқарағай ауданының білім беру бөлімі» ММ-і бос азаматтық лауазымға орналасуға жариялаған конкурстың: «Біліктілікке қойылатын талаптар:» абзацы төмендегідей мәтінде оқылсын: «...жоғары педагогикалық білімі немесе тиісті бейін бойынша жоғары білімі, білім беру ұйымдарындағы педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл немесе басшылық лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл. Құжаттарды толығымен нотариалды куәландырылған (жеке бас куәлігі, білім туралы құжат көшірмесі, еңбек кітапшасының көшірмесі, медициналық куәландырудан өтуі, кадрларды есепке алу бойынша жеке бас парағы туралы) сотты болмағандығы туралы анықтама ұсынуы қажет» деп оқылсын.

Асқа шақыру

Кешілбаев Ертай Хабдығаниұлының анасы **Ләззат Қабдолқызының қайтыс болуына бір жыл толуына орай, 20 ақпан күні сағат 12.00-де Катонқарағай ауылындағы қатымханада құран бағышталып, ас беріледі.**

Асқа барлық туған-туысқандарды, құда-жекжаттарды, достарымызды, ауылдастарымызды шақырамыз.

Кешілбаевтар әулеті.

Директор-редактор Жомарт Жақыпов	Құрылтайшы: ШҚО Қаржы басқармасы. Өкілетті орган: ШҚО Ішкі саясат басқармасы.	Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінде тіркеліп, 25. 06. 2013 жылы № 13707-Г тіркеу туралы куәлік берілген. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай»- «Луч» ЖШС-нің компьютерлік цехында теріліп, беттелді. Мекенжайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. Газет «Шығыс - Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Космос к-сі, 6/3. Тел: 8 (723-2)75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.
Компьютерлік беттеу операторы: Жайдары Нұрғазина Газет нөмірі бойынша кезекші: Нұрзада Исабаева	Телефондар: Директор-редактор - 8(72-341) 2-90-60, Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79. Бухгалтер - 2-19-96. Компьютер цехы (факс) - 2-14-60. Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71. Мекенжайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. e-mail: arai-luch@mail. ru	Газет сәрсенбі, жұма күндері қазақ және орыс тілдерінде шығады. Офсетті басылым. Көлемі 1 баспа табақ. Индекс: «Арай» 6 айға - 19313, 12 айға - 19351; «Луч» - 6 айға -19314 12 айға - 19352. Нөмірдің таралымы - 3193 дана: «Арай»-1875, «Луч»-1290. № 5704 тапсырыс.